

Қазақстан Республикасында әскери-техникалық құралдар мен екі рет қолданылатын өнімдерді дайындау, өндіру, жөндеу және қызмет көрсету тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 12 мамырдағы N 657. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 20 мамырдағы N 467 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының қорғанысы мен Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына және "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанынан Қорғаныс өнеркәсібі жөнінде комитет құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 7 қазандағы N 1879 Жарлығына сәйкес әскери-техникалық құралдар мен екі рет қолданылатын өнімдерді дайындау, өндіру, жөндеу және қызмет көрсету саласындағы қауіпсіздікті бақылаудың мемлекеттік жүйесін құру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінің жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетте осы мақсат үшін тіркелген барлық меншік нысандарындағы Қазақстан Республикасының кәсіпорындары мен ұйымдары үшін міндетті әскери-техникалық құралдар мен екі рет қолданылатын өнімдерді дайындау, өндіру, жөндеу және қызмет көрсету тәртібі осы қаулының 1-3 қосымшаларына сәйкес белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

N 1 0 3 1 қ а у л ы с ы м е н .

2. Мыналар бекітілсін:

- Қазақстан Республикасында әскери-техникалық құралдар мен екі рет қолданылатын өнімдерді дайындау, өндіру, жөндеу және қызмет көрсету саласындағы барлық меншік нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін лицензиялаудың Мемлекеттік жүйесі туралы ереже (1-қосымша);

- Әскери-техникалық құралдар тізбесі (2-қосымша);

- Екі рет қолданылатын өнімдердің тізбесі (3-қосымша).

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінің жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет:

берілген лицензиялар туралы Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетіне ай сайын мәлімет беріп отырады; мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісу бойынша Қазақстан

Республикасының Министрлер Кабинетіне осы қаулының 2,3-қосымшасында келтірілген Тізбені түзету жөнінде ұсыныс енгізеді.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен және Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп әскери-техникалық құралдар мен екі қызмет көрсетудің белгіленген тәртібінің сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді деп белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен .

*Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің*

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 12 мамырдағы
N 657 қаулысына
1-Қосымша

Қазақстан Республикасында әскери-техникалық құралдар мен екі рет қолданылатын өнімдерді дайындау, өндіру, жөндеу және қызмет көрсету саласындағы меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін лицензиялаудың Мемлекеттік жүйесі туралы Ереже

1 . О с ы Е р е ж е :

а) оларға қару-жарақ, оқ-дәрі, әскери техника мен солардың қосалқы бөлшектері ;

оларды дайындау үшін арнаулы материалдар, жабдықтар; әскери-техникалық құралдардан қорғанудың ұжымдық және жеке құралдары; әскери улағыш заттар және солардан қорғану құралдары; аңшы және спорт мылтығы және оның оқ-дәрісі; өзін-өзі қорғаудың химиялық құралдары жататын әскери-техникалық құралдары (бұдан әрі - ӘТҚ);

б) екі рет қолданылатын өнімдерді (бұдан әрі - ЕҚӨ) дайындау, өндіру, жөндеу және қызмет көрсету саласындағы меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін лицензиялаудың, сондай-ақ пайдаланылып болған ӘТҚ мен ЕҚӨ-ні жоюдың (құрту, кәдеге жарату, көму) және ұқсатудың тәртібі мен шартын айқындайды.

2. Терминдер мен анықтамалар:

Қару - қарулы күресте қарсыласқа тойтарыс беруге арналған құрылғылар мен құралдар. Әдетте ол тойтарыс беру құралдары мен оларды мәжеге жеткізу құралдарынан тұрады.

Қару-жарак - әртүрлі қару мен оны қолдануды қамтамасыз ететін құралдардың жиынтығы.

Әскери-техника - қарулы күштердің жауынгерлік және күнделікті қызметін қамтамасыз ету үшін оларды жарактандыруға арналған қару, жауынгерлік және жауынгерлік емес техникалық құралдар.

Оқ-дәрі - тіршілік иесін, техниканы күйретуге, ғимараттарды (табиғи құралымдарды) қиратуға немесе басқа да арнайы міндеттерді орындауға тікелей арналған қару-жарактың құрамдас бөлігі.

Екі рет қолданылатын өнім - келісілген құжаттар (техникалық шарттар, стандарттар) негізінде қарулы күштердің мүддесі үшін бастапқы өндірілген, кейіннен азаматтық мақсатқа пайдалануға жіберілген өнімдер, сондай-ақ "Ядролық материалдар, технологиялар, жабдықтар, қондырғылар, ядролық емес арнаулы материалдар, қоса қабат мақсатта пайдаланылатын жабдықтар, материалдар мен технологиялар, радиоактивті сәуле көздері мен изотопты өнімдер экспорты мен импорты туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 наурыздағы N 183 қаулысымен айқындалған ядролық технологияға қатысы бар материалдар.

3. Дайындалуы, өндірілуі, жөнделуі және қызмет көрсетілуі Қазақстан Республикасында лицензиялауды талап ететін ӘТҚ мен ЕҚӨ-нің тізбелерін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

4. ӘТҚ мен ЕҚӨ-ні дайындау, өндіру, жөндеу және қызмет көрсету құқығы бар кәсіпорындар мен ұйымдарды есепке алуды Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінде жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет (бұдан әрі - Қорғанысөнеркәсіпкомы) әскери-техникалық құралдар мен екі рет қолданылатын өнімдерді дайындайтын, өндіретін, жөндейтін және қызмет көрсететін кәсіпорындар мен ұйымдардың Мемлекеттік тізіліміне (бұдан әрі - Мемлекеттік тізілім) енгізе отырып жүргізеді, оның мазмұндық нысаны осы Ереженің 1-қосымшасында келтірілген.

ЕСКЕРТУ. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен.

5. ӘТҚ мен ЕҚӨ-ні дайындауға, өндіруге, жөндеуге және қызмет көрсетуге үміткер кәсіпорындар мен ұйымдарды тіркеу мен есепке алу үшін қарулы күштерге қатысы бар немесе ӘТҚ мен ЕҚӨ-ні пайдалану құқына ие ұйыммен аталған қызметке шартты (контрактіні) ұсына отырып, Қорғанысөнеркәсіпкомына өтінім береді.

Лицензия бере отырып, аталған қызметке рұқсат ету туралы

Қорғаныс өнеркәсіпкомының дәйектелген қорытындысы кәсіпорын мен ұйымды Мемлекеттік тізілімге енгізудің шарты болып табылады, оның мазмұндық нысаны осы Ереженің 2-қосымшасында келтірілген.

6. Мемлекеттік тізілімге енген кәсіпорындар мен ұйымдарға ӘТҚ мен ЕҚӨ-ні дайындау, өндіру, жөндеу және қызмет көрсету құқығына лицензияны Қорғаныс өнеркәсіпкомы береді.

Лицензия алмай тұрып Мемлекеттік тізілімге ену мәлімделген қызметпен шұғылдануға құқық бермейді.

7. Лицензия субъектінің (кәсіпорын немесе ұйымның) ӘТҚ мен ЕҚӨ-нің белгілі бір түрлері мен номенклатурасын дайындау, өндіру, жөндеу және қызмет көрсету құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

Субъектінің құқықты пайдалануы лицензияны алған сәттен басталады да әрекет ету мерзімі аяқталған, күші жойылған немесе лицензия заңда белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылған жағдайда тоқтатылады.

8. Дайындауға, өндіруге жөндеуге немесе қызмет көрсетуге арналған шарттың (контрактының) қолданылу мерзіміне лицензия мынадай құжаттарды тапсырған күннен бастап бір ай ішінде беріледі:

кәсіпорынның немесе ұйымның өтінімі;
мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
нотариат куәландырған жарғының көшірмесі;
мәлімделген қызметке арналған шарт (контракт);

жоспарланған ӘТҚ мен ЕҚӨ-ні дайындаудың, өндірудің, жөндеудің немесе қызмет көрсетудің тактикалық-техникалық сипаттамалары;

а) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің - сол кәсіпорын немесе ұйым өтінімінің негізділігі, режимдік шаралардың және мемлекеттік қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуі мен жеткіліктілігі туралы;

б) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің - бұйымдарды, олардың жинақтаушы және босалқы бөлшектерін сақтау мен тасымалдау кезінде белгіленген шарттардың есепке алынуына, қамтамасыз етілуіне бақылауды ұйымдастыру туралы;

в) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің - тапсырыс берушілердің өкілдері тарапынан дайындалған және берілген өнімнің сапасы мен жинақталуына бақылауды қамтамасыз ету туралы;

г) санитарлық, өрттен қорғау, кен-техникалық және экологиялық қадағалау органдарының - айналадағы ортаның, азаматтардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы қорытындылары.

9. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес міндетті сақтандырылуға жататын қызметке лицензия белгіленген тәртіппен жасалған сақтандыру туралы шарты болғанда ғана беріледі.

10. Мемлекеттік қорғаныс тапсырыстары бойынша шарттарды (контрактілерді) орындау басым тәртіппен лицензияландырылады.

11. Шаруашылық жүргізуші субъектіге берілген лицензияны басқа шаруашылық жүргізуші субъектіге беруге болмайды, бірақ ол белгіленген тәртіппен қайта рәсімделуі мүмкін.

12. ӘТҚ мен ЕҚӨ-ні дайындау, өндіру, жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі жұмыстың технологиялық жағынан өзара байланысты түрлерін жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектіге, әдетте, жұмыстың барлық түрлеріне ортақ бір лицензия беріледі.

13. Шетелдік субъектілер Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген алып қоюды ескере отырып, жалпы негізде лицензияландырылады.

14. ӘТҚ мен ЕҚӨ-ні дайындауды, өндіруді, жөндеу мен қызмет көрсетуді тіркеу және оған лицензия берілгені үшін төлем жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

15. Берілген барлық лицензиялардың көшірмелері мемлекеттік құжаттарды сақтау ережелеріне сәйкес Қорғанысөнеркәсіпкомында сақталады.

16. Лицензия беруден бас тарту өтініш жасаушыға лицензия беру үшін белгіленген мерзімде жазбаша түрде білдіріледі.

Егер лицензия белгіленген мерзімде берілмесе немесе бас тарту өтініш жасаушыға негізсіз деп ұғынылса, Қорғанысөнеркәсіпкомының әрекетіне Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне шағым жасалуы мүмкін.

17. Қорғанысөнеркәсіпкомы мемлекеттік басқарудың тиісті органдарын тарта отырып, ӘТҚ мен ЕҚӨ-ні дайындаудың, өндірудің, жөндеу мен қызмет көрсету, жұмысты атқарушылардың біліктілігі мен кәсіби деңгейі, ӘТҚ мен ЕҚӨ-нің сапасы мен жинақтылығы жағдайларын инспекциялық тексерулерді жүзеге асыруға міндетті.

18. Мемлекеттік тізілімге тиісті өзгерістер енгізе отырып, Қорғанысөнеркәсіпкомының шешімімен мынадай жағдайларда лицензияның: лицензиядан бас тартқанда;

кәсіпорын, ұйым қайта ұйымдастырылғанда немесе таратылғанда; жұмысты орындаудың белгіленген тәртібі бұзылғанда, өндірілген және мәлімделген өнімнің тұрпаты мен номенклатурасы сәйкес келмегенде;

осы Ереженің 8-тармағында аталған мемлекеттік басқару органдарының ұсынуды бойынша;

шығарылған өнімге (жұмысқа, қызмет көрсетуге) арналған стандарттар мен техникалық шарттардың талаптары сақталмағанда;

лицензия берілетін қызметке тыйым салу туралы мемлекеттік жоғары органдардың шешімдері болғанда лицензиялардың күші жойылуы мүмкін.

19. ӘТҚ мен ЕҚӨ-ні осы Ережені бұза отырып дайындауға, өндіруге, жөндеуге немесе қызмет көрсетуге берген шаруашылық жүргізуші субъектілер немесе лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауап береді.

1-Қосымша

Әскери-техникалық құралдар мен екі рет қолданылатын өнімдерді дайындайтын, өндіретін, жөңдейтін және қызмет көрсететін кәсіпорындар мен ұйымдардың Мемлекеттік тізілімі

N	Кәсіпорынның, Өнім (жұмыс, қызмет)	Енгізу үшін	Лицензияның	
P/	ұйымның	көрсету), негізгі	негіз	берілгені
с	деректемелері	сипаттамалары		туралы белгі
1	2	3	4	5

2-Қосымша

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеттің Елтаңбалы бланкі

(дайындауға, өндіруге, жөндеуге, қызмет көрсетуге)

(ӘТҚ мен ЕҚӨ түрлері)

Лицензия

Айы, күні

N -----дана

N - - - - -

1. Лицензиат және оның деректемелері
2. Мемлекеттік тізілім бойынша мағлұматтары
3. Лицензия сұрату негізі
4. Лицензияның нысаналы мақсаты
5. Лицензияның қолданылу мерзімі
6. Лицензияға төлем

Б е р і л д і :

-----күші сақталады

Атауы, негізгі тактикалық техникалық сипаттамасы	СЭҚ	Өлшем	Өндіріске	Рұқсат
	-----	бірлігі	қабылданған	етілген
	ТН		айы-күні,	қызмет
	-----		акт N	-----
		жөніндегі		
		коды		

"Лицензиар"
Тегі, аты, әкесінің аты
Лауазымы
қ о л ы
Айы, күні
М.О.

"Лицензиат"
Тегі, аты, әкесінің аты
Лауазымы
қ о л ы
Айы, күні

М.О.

3-қосымша

Лицензия алуға Өтінім

1. _____
(лицензиат және оның деректемелері)

2. _____
(қандай мақсатқа)
лицензия беруді өтінемін.
(ӘТҚ, ЕҚӨ номенклатурасы)

3. Сұрату үшін негіздеме: _____
(шарттың немесе контрактінің N мен
айы, күні тапсырыс беруші туралы мағлұматтар)

4. _____
(Шарттың немесе контрактінің күші сақталатын мерзім)

5. Өндіруге сұралынатын ӘТҚ немесе ЕҚӨ мөлшері:

6. Өндірістік мүмкіндіктері: _____

7. Өтінімге мыналар қоса тіркеледі:

- Мәлімделген қызметтің шарты (контрактісі) _____
 - Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі _____
 - Нотариалды расталған жарғының көшірмесі _____
 - Дайындауға, өндіруге, жөндеуге және қызмет көрсетуге жоспарланған ӘТҚ мен ЕҚӨ-нің тактикалық-техникалық сипаттамалары _____
 - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қорытындысы _____
 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қорытындысы _____
 - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қорытындысы _____
 - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеттің қорытындысы _____
 - Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің қорытындысы _____
- М.О. _____ Лицензиаттың қолы, лауазымы,

айы, күні

Қазақстан Республикасы
 Министрлер Комитетінің
 1995 жылғы 12 мамырдағы
 N 657 қаулысына
 2-Қосымша

Лицензиялар бойынша дайындау, өндіру, жөндеу мен қызмет көрсету жүзеге асырылатын әскери-техникалық құралдарының Тізбесі

N	Атауы	СЭҚ ТН	Лицензиар
Рет саны		бойынша	коды
1	2	3	4
1.	Атыс қаруы, жүйелері,	оның	қосалқы

	бөлшектері мен тетіктері	930100000	Қорғаныс Өнеркәсібі комитеті
2.	Артиллериялық жүйелері, блоктары, және қосалқы бөлшектері	қару-жарақтар, оның құрастырушы 930690900	-"
3.	Ракеталық кешендер, блоктары, олардың қосалқы бөлшектері, келтіру жөніндегі жұмыстар	жүйелері, құрастырушы және оларды қалпына 930690900	-"
4.	Радиолокациялық жүйелері, блоктары, құрастырушы және қосалқы бөлшектері	қару-жарақтар, олардың 852700000	-"
5.	Радиоқабылдағыштар, блоктары, олардың құрастырушы және қосалқы бөлшектері	жүйелері, 852700000	Қорғаныс өнеркәсібі
6.	Әскери кемелер, оның ішінде авторлық қадағалау, жөндеу және техникалық көмек	комитеті 930690900	-"
7.	Торпедолық блоктары, олардың және қосалқы бөлшектері	қару-жарақ, жүйелері, құрастырушы 930690900	-"
8.	Миналық блоктары, олардың және қосалқы бөлшектері	қару-жарақ, жүйелері, құрастырушы 930690900	-"
9.	Тральдық блоктары, олардың және қосалқы бөлшектері	қару-жарақ, жүйелері, құрастырушы 930690900	-"
10.	Басқару аппаратурасы, кешендердің бақылау-тексеру аппаратуралары, жиынтықтары, құралдары, олардың жабдықтары	ракеталық құрастыру 930690900	-"
11.	Ракеталық, қарулардың аппаратуралары, блоктары, құрастырушы және қосалқы бөлшектері	торпедолық, миналық жүйелері, 930690900	-"
12.	Авиациялық құралдары,	техниканың агрегаттары, құрастырушы және қосалқы	

	бөлшектері	88033010	-"-
13.	Десант түсіру құралдары, парашюттер	880400000	-"-
14.	Қару-жарак пен әскери техниканы жөндеу мен оған техникалық қызмет көрсетудің жылжымалы құралдары	870590	-"-
15.	Қарудың, қару-жарақтың және технологиялардың перспективалық түрлері		Қорғаныс Өнеркәсібі комитеті келісу
	бойынша		
16.	Аңшы және спорт мылтығы, оқ-дәрі мен олардың қосалқы бөлшектері	930320900 930510000	Қорғаныс өнеркәсібі
	930621000 комитеті		
17.	Әскери-техникалық құралдардан қорғанудың ұжымдық және жеке адам қолданатын құралдары	8710	4016 5906 -"
18.	Суық қару	9307	-"-
19.	Өзін-өзі қорғаудың химиялық құралдары	9306	-"- 9304
20.	Пайдаланылып болған әскери.- техникалық құралдарды қайта өңдеу		жою мен 3601-3604, 6536, 8802, 87059,

9301-9306

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 12 мамырдағы
N 657 қаулысына
3-Қосымша

ЕСКЕРТУ. 3-Қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 шілдедегі N 763 қаулысымен .

**Екі рет қолданылатын өнімдердің
Тізбесі**

№ Рет с а н ы	Атауы	СЭҚ ТН	Лицензияр бойынша коды
1	2	3	4
1.	Радиостанциялар комитеті	657151010 657112021	Қорғаныс өнеркәсібі
2.	Радио хабарларын ыдырату станциялары		6554231000 6555702000
3.	Жылжымалы шеберханалар	6554101080	870590 -"
4.	УПУ-1М әмбебап тесіп өту қ о н д ы р ғ ы л а р ы	6688370099	"-
5.	Ш ы н ж ы р транспорттер-сүйрегіш та б а н д ы	871000000	"-
6.	Аккумуляторлар мен батареялар	226301000	сілтілі "-
7.	Ядролық техникаларға екі рет қолданылатын материалдар	қ а т ы с ы	бар Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 наурыздағы N 183 қ а у л ы с ы н а
8.	Жарылғыш заттар, өнеркәсіптік мақсаттағы жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылатын бұйымдардан басқа	сәйкес	Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 8 сәуірдегі N 355 қ а у л ы с ы н а

сәйкес

9. Пайдаланып болған екі рет
қолданылған өнімдерді жою мен қайта
өндеу комитеті

Қорғаныс
өнеркәсібі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК